

Бояу түстерімен дене көлемін сомдау

Акимбаева Мадина Канатовна

Талдықорған гуманитарлық-техникалық колледжі
арнайы пәндер оқытушысы, педагог-психолог

Сабақ түрі: тәжірибелік-зертханалық

Сабақ типі: аралас сабақ

Сабақтың әдісі: көрсету, көрнекілік, әңгімелеу, мастер-класс, крестиктер-нөлдіктер әдісі, "true or false" әдісі, "шынжыр" әдісі, "түстер палитрасы" әдісі, "білім қоржыны" әдісі, АКТ.

Пәнаралық байланыс: сурет, сыршырай негіздері

Сабақтың мақсаттары:

Білімділік: акварель материалымен еркін меңгеруге машықтандыру, оның орындалу тәсілін және әдісіне жетік үйрету;

Дамытушылық: акварель материалымен шығарма орындауда түс таңдау шеберліктерін; тақырыпқа композициялық ізденістерін; Акварель материалымен орындау арқылы сұлулық әлемін түсінуге, ойқиялын, бейнелі ойлау, қабылдау, көрем талғампаздық, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тілдік дағдыға баулу;

Тәрбиелік: әсемдік пен әдемілікке баулып, таза ұқыпты жұмыс жасай отырып, эстетикалық тәрбие беру;

Сабақты жабдықтау

Сабақта қолданылатын көрнекіліктер және қосымша әдебиеттер: үлгі, слайд, бейнеролик, дидактикалық материалдар

1. «Бейнелеу өнері» Ұ.Ш. Ибрагимов, Қ.К.Болатбаев

2. «Бейнелеу сауаттылығының негіздері» С.Қаржаубаев

қолданатын құрал-жабдықтар: интербелсенді тақта, қылқалам түрлері, палитра, акварель бояуы.

Сабақты жүргізу кезеңдері:

I. Ұйымдастыру кезеңі: (2 мин.)

1. Сәлемдесу, студенттерді түгендеу.

2. Құрал-жабдықтарын, сабаққа дайындығын тексеру.

3. Зейіндерін сабаққа аудару. (А.Құнанбайұлының отыз сегізінші қара сөзі 1895ж.)

"Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол".

❖ суретпен жұмыс (сәйкестікті тап).

Сабақтың тақырыбын хабарлап мақсатын анықтау;

Тақырыбы: Бояу түстерімен дене көлемін сомдау
Theme: Performing the volume of the object with colors of paints

Мақсаты: Бояу түстерімен дене көлемін сомдап үйрену

Goal: Learn how to perform the volume of objects with colors.

Студенттер стикерға өз мақсаттарын жазады.

Бағалау критерийлері:

II. Өткен сабақты еске түсіру: (10 мин.)

❖ крестиктер-нөлдіктер әдісі

❖ сұрақтар:

1. Негізгі түстері ата

2. How do you say "көгілдір" in english?

3. How do you say "күлгін" in english?

4. Жарық сәулесі затқа аса көп түскен кезде ол шағылысып пайда болады

5. Name the basic colors in English

6. Give warm colors

7. Жансыз заттар мен бұйымдар бейнеленген суретті қалай атайды?

8. Суретшінің өз кейпін салған шығармасы

9. Адам келбетін бейнелейтін шығарма.

10. Соғыс оқиғаларын бейнелейтін шығарма.

11. Суық түстерді ата

❖ "True or false" әдісі

| True | false |
|------|-------|
| | |
| | |

1. Эскиз (sketch)- алдын ала қағаз бетіне көркем-сурет туындысының (картина, мүсіндеме, театр мен кинодекорация және архит. жобаның, т.б.) түпкі ойы түсірілетін нобай;

2. Пентаптих (the pentptychs) атауы композицияның оң және сол жақ бөлігінің салмағының, пішінінің, түсі мен реңінің тепе-теңдігін, ондағы элементтердің өзара үйлесімділігін сұңғақтығын қамтамасыз етеді. Симметрия ою-өрнекті бейнелеуде жиі қолданылады;

3. Диптих (the diptych) - екіге жарылып ашылатын, екі бетіне де кескіндемелік немесе рельефті суреттер салынған бүктеме;

4. Симметрия (symmetry) - бейнелеу өнерінде жалпы тақырыбы, сюжеті немесе композициясы бойынша біріктірілген үш картина, рельеф я болмаса сурет туындысы.

5. Триптих (the triptych) - төрт бүктемеден тұратын картинаның атауы.

6. Тарихи жанр (historical genre) – белгілі бір оқиғалар мен тарихи кезеңдер бейнеленген көркем шығармалар.

III. Нұсқау беру: (10 мин.)


Акварель (гр. aqua— су) құрамында суға еритін желім қосылған түрлі-түсті бояу. Кескіндеменің ең әсерлі түрі. Акварель бояуларының ерекшелігі — мөлдірлігі. Бұл кескіндеме техникасында ақ бояу мүлде қолданылмайды. Ақ бояуды кескіндеме жазылатын ақ қағаздың өзі ауыстырады. Шығарманың ең жарық нүктелерінде қағаздың тиісті жерлері мүлде боялмайды. Акварель бояулары қолдануға ыңғайлы және қарапайым. Соған қарамастан, Акварель техникасы — мейлінше күрделі.

Акварельдің көптеген әдіс тәсілдері бар:


1. Құю – бояудың мөлдір жағылғаны.
2. Лессировка - бояулардың мөлдірлігі қолданылатын кескіндемедегі көркемсурет тәсілі. Лессировка кескіндемеде түстерге жаңа реңдік сипаттама беру үшін, кейде қосымша жарық беру үшін, сонымен қатар түстік күшін арттыру үшін қолданылады. Лессировка техникасын меңгеру үшін бояуларды араластыру заңдылықтарын білу керек. Егер мөлдір бояуларды бір-бірінің үстіне қабаттап жаға берсе, онда ең жоғарғы қабаттағы түс анықтаушы түс болып есептеледі. Лессировка акварельді кескіндемеде көп тараған.
3. Гризайль – шығарманы қылқаламмен бір түсті қолдана отырып орындау техникасы, көбінесе қара немесе қоңыр түс қолданылады.
4. Мазок (түртпе) - қылқаламға жағылған бояуды қағаз бетіне түртіп жазуды айтамыз.
5. Пуантелизм – француз тілінен аударғанда нүктемен жазу деген мағына береді. Бұл техника түрі ХІХ ғасырдан бері осы уақытқа дейін сақталып келген.

Мастер-класс:

- ❖ Лессировка техникасын салып көрсету;
- ❖ Тапсырманы орындау әдістерін көрсету және түсіндіру;
- ❖ Акварель техникасын орындауда түс таңдау ерекшелігін көрсету;
- ❖ Лессировка - лессировка - glaze



- ❖ Акварельмен жұмыс жасау әдісін бейнероликте көрсету
- ❖ Сабақты пысықтау: суреттің реңдік өзгерістері (шынжыр әдісі).




V. Тәжірибелік бөлім: (15 мин.)

- ❖ Акварель техникасын орындауда үйлесімді түстерді таңдау;
- ❖ Палитрамен жұмыс жасауы;
- ❖ Акварельмен жұмыс жасау әдіс –тәсілдеріне машықтану.

VI. Сабақты қорыту және бағалау: (7 мин.)

Студенттердің акварельмен орындаған жұмыстарынан шағын көрме ұйымдастырып, жетістіктерін мадақтау, үлгі ету, кемшіліктерін айтып түсіндіру. Жақсы жұмыс жасаған студенттерді атап өту.

Түстердің қосындысының нәтижесін көрсету (түстер палитрасы);



Әр студенттің жұмысын бағалау критерийіне қарай бағалау:

- ❖ Акварель бояуын палитрада қолдана алуы;
- ❖ Бояу түстерімен көлемін сомдауы;
- ❖ Сұрақтарға жауап беруі;
- ❖ Тапсырмаларды дұрыс орындауы.

Рефлексия: "Білім қоржыны" әдісі.

VI. Үй тапсырмасы: (1 мин.) долбар салып келу
Критерийлері:

- ❖ Акварель бояуын палитрада қолдана алуы;
- ❖ Бояу түстерімен көлемін сомдауы;
- ❖ Реңдік өзгерістерін сомдауы.

